

5

Арал: Балық шаруашылығындағы басымдық

6

Кен қазған, еңбекпен озған



Сыр бойы

№195 (21071) 23 желтоқсан, сейсенбі 2025 жыл

Қызылорда облыстық қоғамдық-саяси газет. 1929 жылдың 1 шілдесінен шығады

www.facebook.com/syrboyi.kz

www.instagram.com/syrboyi_kz

t.me/syrboyi_kz

twitter.com/syrboyi

/// ПРЕЗИДЕНТ



ЫҚПАЛДАСТЫҚТЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ ТАЛҚЫЛАНДЫ

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев ТМД-ның бейресми саммитіне қатысу үшін Санкт-Петербургке келген өзге де мемлекеттер басшыларымен бірге Эрмитажды аралап көрді. Мәртебелі меймандарға музейде экскурсия жүргізілді.

Президенттер Александр, XVIII ғасырдағы Франция өнері залдарында орналасқан танымал көрмелерді тамашалады. Әсіресе, «Алтын көмбе» бірегей коллекциясындағы бағалы металдардан кұйылған археологиялық жәдігерлер, тарихи Пикет және Герб залдарының интерьері ерекше қызығушылық тудырды. Меймандар бай қоры арқылы дүние жүзіне мәшһүр музейдің баска да экспозицияларымен танысты.

Тәуелсіз мемлекеттер достастығына мүше елдер басшыларының кездесуіне Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевпен бірге Ресей Президенті Владимир Путин, Армения

Премьер-министрі Никол Пашинян, Беларусь Президенті Александр Лукашенко, Қырғызстан Президенті Садыр Жапаров, Тәжікстан Президенті Эмомали Рахмон, Түрікменстан Президенті Сердар Бердімұхамедов, Өзбекстан Президенті Шавкат Мирзиёев қатысты.

ТМД басшылары өзара ынтымақтастықтың негізгі даму бағдары мен қадамдарын талқылады. Ұйым аясындағы ықпалдастықтың өзекті мәселелері жөнінде пікір алмасты.

Кеше сондай-ақ Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Ресей Президенті Владимир Путинмен кездесті.

/// ОБЛЫС ӘКІМДІГІНДЕ

КОМПАНИЯ ПРЕЗИДЕНТІМЕН КЕЗДЕСТІ

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев «Петро Қазақстан Инк» компаниясының президенті Чэнь Даю, «ПетроҚазақстан Құмкөл Ресорсиз» АҚ басқарма төрағасы Чжао Сяоминмен кездесті. Аймақ басшысы атқарылған жұмыстарға тоқталып, алдағы жоспарларды да атап өтті.

3-бет

/// БРИФИНГ

ИНВЕСТИЦИЯ МЕН ИНФРАҚҰРЫЛЫМ – ӨҢІР ЭКОНОМИКАСЫНЫҢ ҚОС ҚАНАТЫ

Кеше облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев Астанадағы орталық коммуникациялар қызметінде өткен брифингте өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуы туралы баяндады. Алдағы міндеттер мен жүзеге асырылуы тиіс басты жобалар, негізгі басымдықтар сөз болып, аймақ басшысы БАҚ өкілдерінің сауалдарына тұшымды әрі дәйекті түрде жауап берді. Облыс әкімінің брифингте жасаған баяндама желісі ұсынылып отыр.

Мемлекет басшымыз Қасым-Жомарт Кемелұлының, Үкіметтің ерекше қолдауымен Қызылорда облысының экономикасын әртараптандыруға, тұрғындарымыздың тұрмыстық жағдайын жақсартуға бағытталған серпінді жобалар іске асуда.

Өздеріңізге белгілі Президентіміз Сыр өңіріне биылғы сапарында облысымызда атқарылған жұмыстарға оң бағасын берген болатын. Бұл – біз үшін зор мәртебе, үлкен жауапкершілік.

Осы жылдың 11 ай қорытындысымен барлық негізгі макроэкономикалық көрсеткіштердің өсімі қамтамасыз етілді.

Жалпы өңірлік өнім көлемі 3 трлн 100 млрд теңгені құрады (108,1%). Жыл қорытындысымен 3 трлн 700 млрд теңгеге жеткізіп, 6,5 пайыздық өсімді қамтамасыз етеміз (2021 жылмен салыстырғанда 2 есеге өседі).

Облыс бюджеті 851 млрд 300 млн теңгені құрап, 2021 жылдан бері 246 пайызға өсті. Оның 56 пайызы (477,6 млрд теңге) әлеуметтік салаға бағытталды. Даму бюджетінің көлемі 2021 жылы 47 млрд теңге болса, биыл 207 млрд теңгеге жетіп, 4,4 есеге артты.

Бюджет қаражатын оңтайландыру мақсатында 2022 жылдан бастап әлеуметтік салаға терең талдау жүргізілді. Нәтижесінде 108 млрд теңге қаржы үнемделді. Оның ішінде, білім саласынан 64 млрд 300 млн теңге, мәдениет және спорт саласынан («Арт-спорт» бағдарламасынан) 15 млрд 400 млн теңге, әлеуметтік қорғау саласынан 8 млрд 200 млн теңгенің мақсатсыз жұмсалыуына жол берілмеді (87,9 млрд теңге).

Бұдан бөлек, әлеуметтік нысандардың құрылыстарын жүргізу барысында 20 млрд 100 млн теңге қаржы үнемдеу шаралары қабылданды (демалушылар есебінен ЖСҚ әзірлеу, мектептер жанынан қосымша ғимараттар салу, әлеуметтік мекемелерді «Руханият» орталықтарына шоғырландыру арқылы).

Бұл қаражат аймағымыздың ең өзекті деген мәселелерін шешуге, жаңа инфрақұрылымдық жобаларды іске асыруға бағытталуда.

Өңірімізде қолайлы инвестициялық климат қалыптасып, жаңа ірі инвестициялық жобалар жүзеге асуда. 2022-2024 жылдары облысымыздың экономикасына 1 трлн 600 млрд теңгеге жуық инвестиция тартылды.

Биыл облысымызға 631 млрд 400 млн теңге инвестиция тарту жоспарланған. 11 айдың қорытындысымен 717 млрд 900 млн теңге инвестиция тартылып, жоспар 13,7 пайызға артығымен орындалды. Жыл

қорытындысымен 750 млрд теңгеден астам инвестиция тартылды.

2021 жылмен салыстырғанда инвестиция көлемі 233 пайызға артты. Жеке инвестицияның үлесі 70 пайызды құрайды. Биылғы бірінші жартыжылдықта тікелей шетелдік инвестиция көлемі 173 млн АҚШ долларын құрады. Жыл қорытындысымен 280 млн АҚШ доллары шетелдік инвестиция тартылды.

Экономиканы әртараптандыру мақсатында алдағы үш жылда 2 трлн 800 млрд теңгеге 98 инвестициялық жоба жүзеге асырылып, 12 мыңнан аса жаңа жұмыс орны ашылады. Биыл 300 млрд теңгеден астам қаржыға 27 инвестициялық жоба іске қосылды. Шілде айында 5 млрд теңгеге толық автоматтандырылған «Қызылорда Саз-М» серіктестігінің кірпіш зауыты ашылды. Зауыт жылына 90 млн кірпіш шығарып, жергілікті құрылысқа қажетті сұраныстың 90 пайызын қамтамасыз етуде.

«Қызылорда-Нан» серіктестігінің нан, кондитерлік-макарон өнімдерін өндіретін кешені іске қосылды. Кешеннің жалпы құны 5 млрд 600 млн теңгені құрайды. Бұдан бөлек, 753 млрд 300 млн теңгені құрайтын 14 ірі жобаның құрылысы басталуда.

Ірі жобаларды атап өтетін болсақ:

- 414 млрд 700 млн теңгеге «Шалкия» кен-байыту фабрикасы;

- 161 млрд 400 млн теңге болатын «Кальцийленген сода» зауыты;

- 60 млрд теңгеге «Севен Риверс» компаниясының бөтелке шығаратын зауыты;

2-бет



ӘЛЕУМЕТТІК ТӨЛЕМДЕР АРТАДЫ



Ашық дерек көзден алынды

Мемлекет басшысының халыққа Жолдауында әлеуметтік тұрғыдан осал азаматтарға қолдау көрсету өте маңызды міндет екені айтылған. Сондықтан мемлекет әлеуметтік шығыстарды біртіндеп ұлғайтып келеді. Қазір бюджеттің жартысынан көбі әлеуметтік салаға жұмсалады.

Елімізде әр жылдың басында әлеуметтік төлемдерге қатысты өзгеріс болады. Бұған ел үйренісіп кетті. Көпшілік зейнетақы мен жәрдемақының өсетінін алдын ала біліп отырады.

Айта кетейік, қаңтардан бастап айлық есептік көрсеткіш 4325 теңге болып бекітілді. Соған сәйкес өзге де төлемдер көбеймек. Мәселен, ең төменгі күнкөріс деңгейі 50851, ең төменгі зейнетақы 69049, базалық зейнетақы төлемінің ең төменгі мөлшері 35596 теңге болып белгіленді. Ал ең төменгі жалақы бұрынғысына 85 мың теңге күйінде қала бермек.

8-бет

ЕСКІРМЕС ЕСКЕРТКІШІН ҚАЛАП КЕТТІ



Қазақ руханияты ауыр қазаға ұшырады. Қазақстанның Еңбек Ері, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік сыйлығының иегері, кино өнерінің карифейі, даңқты тұлға, аңыз адам Асанәлі Әшімұлының қазасы Сыр елінің де қабырғасын қайыстырды.

Асанәлі Әшімұлының туған жері Жамбыл өңірі болғанымен, оны күл-дені қазақ даласы өз перзентім деп қабылдады. Асанәлі аға Сыр еліне келген сайын «Алаштың анасы – барша қазақтың бесігі» деп кең тыныстап, керемет сезімде болатын еді.

Қызылордада бір келген сапарында «Сыр медиа» серіктестігіне ат басын тіреп, облыстағы бұқаралық ақпарат құралдары қызметінің жай-күйімен танысты. Бұл «Сыр бойы» газетінің 85 жылдығы қарсаңында болатын. Атақты тұлға медиа ісіндегі жаңа технология, тың бастамаларға ризашылық білдірді. Асқар Тоқмағанбетовтен бастап талай ақын-жазушыларға мектеп болған аймақтың ата басылымының кейінгі толқынына бата берді.

Ұлт руханиятына өлшеусіз қызмет еткен даңқты тұлғаның бейнесі сырбойлықтардың төрінде, жүрегінде сақталып, өнердегі образы жазымдаған жастардың өмірлік өнегесі болып қала береді. Ол қазақ ұлтының екі дәуірдегі ерекше болмысын сомдап, батырлық пен отаншылдықтың символына айналды.

Өз өмірінің өлмес, ескімес тұғырлы ескерткішін қалап кеткен асыл тұлғаның есімі мен ізгі істері әр қазақтың жадында мәңгілік жаңғырып тұра бермек.

«Сыр бойы» редакциясы

Валюта бағамы: \$ 517,66 kzt € 606,49 kzt ₸ 6,44 kzt

Ауа райы: Сейсенбі ☀️ +4° 🌙 -3° | Сәрсенбі ☀️ +2° 🌙 -1°

ИНВЕСТИЦИЯ МЕН ИНФРАҚҰРЫЛЫМ –



37 млрд 800 млн теңгені құрайтын оңтүстік корейлік «Уиз Ю» компаниясының тұрмыстық қатты қалдықтар өңдеу зауыты. «Табиғи тас Қызылорда» серіктестігімен 17 млрд 300 млн теңгеге қуаттылығы жылына 1 млн 100 мың тонна әк шығаратын зауыт келесі жылы іске қосылады (92 жұмыс орны құрылады).

Өткен аптада ғана испандық «Рока групп» компаниясымен жылына 500 мың бұйымға дейін санитарлық-техникалық өнімдер шығаратын жоғары технологиялық зауыт салу жөнінде инвестициялық келісімге қол қойылды. Елімізде салынатын алғашқы зауыттың құны 44 млрд теңгені құрайды. 300-ге жуық жаңа жұмыс орны ашылады. 2027 жылы іске қосылады. 134 млрд 500 млн теңгеге «Фабри-Агро» компаниясымен жылыжай салу жобасы жүзеге асырылады.

Өнімізде аграрлық-индустриялық кластер құру мақсатында 51 млрд теңгеге швейцариялық «Харвест Агро» компаниясымен техникалық қара сора, жүгері мен сояны өсіру, қайта өңдеу және 40 млрд теңге болатын жүгері дақылын терең өңдейтін қрахмал-сірне зауытының құрылысы басталды.

Үкімет қаулысымен мамыр айында Қызылорда қаласында аумағы 550 гектарды құрайтын «Қорқыт Ата» арнайы экономикалық аймағы құрылды. Аймаққа өндірістік нысандарды орналастыру мақсатында отандық, шетелдік инвесторлармен келіссөздер жүргізілуде. Бұл жерде өніміздің өнеркәсіптік логистикалық әлеуетіне сәйкес келетін экономикалық қызметтің 18 түрі іске асады. Қазіргі таңда инженерлік инфрақұрылыммен қамтамасыз ету жұмыстары басталуда.

Кәсіпкерлікті қолдауға 2022-2024 жылдары әртүрлі көздерден 203 млрд 81 млн теңгенің 16 мың 634 жобасы қаржыландырылды. Оның 37 млрд 962 млн теңгесі мемлекеттік бағдарлама аясында қолдау тапты.

Биыл барлық қаржы көздерінен 40 млрд теңгеге жеке кәсіпкерліктің 2 мың 464 жобасы қаржыландырылды. Нәтижесінде кәсіпкерліктің экономикадағы үлесі осы жылы 21 пайыздан асады (2022 ж. - 19,1%, 2023 ж. - 19,9%, 2024 ж. - 22,7%).

2023-2025 жылдары «Ауыл аманаты» жобасы аясында 100-ден аса елді мекендерде 6 млрд 828 млн теңгеге 943 жоба жүзеге асырылып, жаңадан 1303 жұмыс орны ашылды. Облысымызда экономиканың барлық саласында 2022-2024 жылдары 133 мыңнан астам азамат (оның ішінде тұрақтысы – 80742), ал 2025 жылдың 11 айында 43 мыңға жуық адам жұмыспен қамтылды (оның ішінде тұрақтысы – 27964).

1-бет



Мемлекет басшысының 10 мың адамға 100 жұмыс орнын құру тапсырмасы өнімізде 2022-2024 жылдары 42 пайызға артығымен орынды, 37 мыңға жуық жаңа жұмыс орны ашылды. 2025 жылдың 11 айында 12 мыңнан аса (12032) жұмыс орны құрылып, биылғы жоспар 12,9 пайызға артығымен орын (жоспар – 10655). Жалпы жұмыссыздық көрсеткіші жыл сайын төмендеуде (2022 ж. – 4,9%, 2023 ж. – 4,9%, 2024 ж. – 4,8%, 2025 жыл 3 тоқсан – 4,6%).

Облысымыздың негізі саласы – агроөнеркәсіп кешенін дамытуға соңғы 3 жылда 43 млрд теңге қаржы бөлінді. Шаруашылықтар есебінен 41 млрд теңгеден астам инвестиция тартылды.

Мемлекеттік қолдаудың арқасында ауыл шаруашылығының машина-трактор паркі жанартылуда. 2022-2024 жылдары 21 млрд 800 млн теңгеге 647 дана техника алынды. Осы жылы 4 млрд 700 млн теңгеге машина-трактор паркі 139 ауыл шаруашылығы техникаларымен толықтырылды.

Биыл сала бойынша 10 млрд 700 млн теңгені құрайтын 16 инвестициялық жоба жүзеге асырылуда. Ауыл шаруашылығындағы жалпы өнім көлемі жыл сайын артып, осы жылы 234 млрд 800 млн теңгеге жетті. Қазіргі таңда 6 млрд 400 млн теңге болатын 9 жоба іске қосылды.

Өздеріңізге белгілі, соңғы жылдары орын алған су тапшылығы әсерін Сыр диқандары да сезінуде. Президентіміздің тапсырмасына сәйкес аймаққа Премьер-министр бастаған Үкімет делегациясы арнайы келіп, шаруалардың жағдайымен, егістің жай-күйімен танысты. Нәтижесінде Төтенше жағдайлар министрлігі тарапынан еліміздің барлық өңірлерінен 139 қызметкерден құралған жеке

құрам көмекке жеткізіліп, 2 ай бойы шаруаларымыздың игілігі үшін үлкен жұмыстарды атқарды. Мемлекет басшысының тапсырмасымен Үкімет резервінен 53 насос қондырғысын алуға қажетті қаржы бөлінді (1 млрд теңге). Дер кезінде қабылданған шешімдердің негізінде егін алқаптары толығымен сумен қамтамасыз етілді.

Су ресурстарын неғұрлым тиімді пайдалану, су үнемдеу технологияларын енгізу, су жүйелерін цифрландыру қарқынды жүргізілуде. Биыл диқандарымыз күріш егістіктерінің 60 мың гектарын лазерлік тегістеуден өткізіп, өнімділікті 30 пайызға арттырды.

Президент тапсырмасына сәйкес, өніміздің өсімдік шаруашылығын әртараптандырып, су үнемдеу технологиясын кенінен енгізуге бағытталған мемлекеттік қолдау шараларына алдағы 3 жылға 34 млрд теңгеден астам қаржы бөлінді. Келесі жылға 10 млрд теңге қарастырылды (9,9 млрд теңге).

Биыл су үнемдеу технологияларын пайдалану көлемі 8 мың 100 гектарға жеткізіліп, өткен жылмен салыстырғанда 2 есеге артты (2024 жылы – 4,4 мың гектар). Облыстың 3 ауданында (Шиели, Қазалы, Арал) шетелдік компаниялардың қатысуымен су үнемдеу технологияларын қолдану арқылы жүгері, жонышқа дақылдарын егу бойынша 3 ірі жоба жүзеге асуда.

Өнімізде биыл 189 мың 600 гектарға егін егілді. Оның ішінде 80 мың 900 гектарға күріш дақылғы егілді. Әр гектардан 58,1 центнерден өнім алынып, 470 мың тоннаға жуық астық жиналды (өткен жылы 496 мың тонна).

Сыр диқандарына ерекше қолдау көрсеткен Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлына, Үкімет басшысы мен мүшелеріне барша Сыр жұртшылығының атынан шынайы ризашылығымызды білдіреміз!

Аймағымызда тұрғындардың өмір сүру сапасын жақсарту үшін баспанамен қамту, инфрақұрылымдарды қайта жаңғырту бағытында тиісті шаралар қабылдануда.

Президент қолдауымен Қызылорда қаласында «Акса Энерджи» түрік инвесторымен 215 млрд теңгеге қуаттылығы 240 мегаватты құрайтын жаңа жылу-электр орталығы салынды. Бюджет есебінен 15 млрд теңгеге 45 шақырым газ құбыры жүргізілді. Бұл – Тәуелсіздік жылдарындағы инвестор қаржысына салынған маңызды ірі жобалардың бірі.

Жаңа орталық 240 мегаватт электр қуатын, 277 гигакалория жылу энергиясын өндіреді. Орталық өнімізді қажетті электр энергиясымен толық қамтамасыз етіп қана қоймай, бір бөлігін аймақтан тыс жерлерге сатуға мүмкіндік береді.

Қызылордалықтардың арманына айналған облыс орталығындағы көпқабатты тұрғын үйлерді ыстық сумен қамтамасыз ету мәселесі оң шешімін тапты. Бұл мақсатқа 26 млрд 200 млн теңге қаржы бөлінді.

2022-2024 жылдары өнімізде «Ауыл – ел бесігі» жобасы аясында 78 ауылда әлеуметтік, инженерлік инфрақұрылымдарды дамытуға бағытталған 31 млрд 600 млн теңгеге 343 жоба жүзеге асырылды. 2025 жылы 41 елді мекенде 66 жобаны іске асыруға 15 млрд 155 млн теңге бөлінді (республикалық бюджеттен 9,6 млрд теңге, облыстық бюджеттен 5,5 млрд теңге).

Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес биыл барлық елді мекендер 100 пайыз орталықтандырылған сапалы ауызсумен қамтамасыз етілді.

Аймақта 2021 жылдың соңында газдандыру деңгейі 67 пайыз болатын. 2022-2025 жылдар аралығында 65 млрд 100 млн теңгеге 77 жоба жүзеге асырылды. Биыл облысымызда газдандыру көрсеткіші 83 пайызға жетті.

Тұрғындарды электр энергиясымен қамту бағытында 2022-2025 жылдары 24 млрд 200 млн теңгеге 71 жоба жүзеге асырылды (нәтижесінде өніміздегі электр желілерінің тозу деңгейі 60,8 пайызға төмендеді).

2022-2025 жылдары 1600 шақырым автомобиль жолы мен 30 көпір өткелін салуға, күрделі жөндеуден өткізуге 150 млрд теңгеден астам қаржы бөлінді. Қызылорда қаласындағы 270 көше қайта жаңғыртылды. Оның ішінде, биыл жол инфрақұрылымын дамытуға бюджеттен барлығы 50 млрд 605 млн теңге бөлініп (РБ – 17 218 млн теңге, ОБ – 18 856,7 млн теңге, АБ – 11 578,9 млн теңге, АМҚ – 2 951,8 млн теңге), ұзындығы 329 шақырымды құрайтын автомобиль жолы, көшелер мен көпір өткелдері жөндеуден өтті. Жақсы жағдайдағы жолдардың үлесі 95 пайызға жетті.

Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес, Қызылорда қаласынан Ақтөбе облысы бағытындағы автомобиль жолын 4 жолақтыға ауыстыру бойынша демеушілер есебінен 350 млн теңгеге жоба әзірленді. Қала маңындағы айналма жол салу жұмыстары алдағы қантар айында басталады. Екінші бөлігі – Ақтөбе шекарасына дейінгі 462 шақырымның техникалық-экономикалық негіздемесі әзірленді. Жоба құны – 832 млрд 812 млн теңге.

Президентіміз биылғы Жолдауында «Сексеуіл-Бейнеу» автомобиль жолының құрылысын жеделдетуді тапсырған болатын. Автожолдың жалпы ұзындығы 559 шақырымды құрайды. Оның 189 шақырымы Арал ауданының бірқатар ауылдары арқылы өтетіндіктен (Сексеуіл, Құланды, Ақбасты, Ақеспе, Қосаман) өніміздің ең шеткі елді мекендерінің жол қатынасы жақсаратын болады.

Көлік-логистика саласында да маңызды жобаларымызды жүзеге асырудамыз.

Президент қолдауымен Қорқыт ата әуежайының жаңа терминалы ел игілігіне пайдалануға берілді. Жобаны іске асыруға 16 млрд 700 млн теңге жеке инвестиция тартылды. Жергілікті бюджеттен инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылым тартуға 4 млрд 300 млн теңгеден астам қаражат бөлінді. Жаңа терминалда халықаралық стандартқа сәйкес жолаушыларға барлық қызмет сапалы түрде көрсетілуде.

Бүгінде әуежай мемлекеттік субсидиясыз жұмыс жасауда. Жаңа терминал жылына 2 млн жолаушыны қабылдауға мүмкіндігі бар (қазіргі таңда жаңа терминал аптасына 30 рейс (Астана қаласына – 18, Алматы қаласына – 12), күнделікті 1200-ден аса жолаушыға қызмет көрсетуде).

Қызылорда қаласында 975 млн теңгеге заманауи үлгідегі автовокзал ғимараты салынды. «Қазақстан Темір Жолы» компаниясы және жергілікті кәсіпкерлердің демеушілігімен 600 млн теңгеден астам қаржыға облыс орталығындағы теміржол вокзалы күрделі жөндеуден өтті. 4 ауданда вокзалдар күрделі жөндеуден өтуде (Қазалы, Төретам, Шиели, Жаңақорған теміржол вокзалдары). Бұдан бөлек, 4 вокзал қайта салынуда (Арал, Сексеуіл, Жалағаш, Тереңөзек вокзалдары).

Облыс орталығына 300 жаңа автобус алынып, қоғамдық көлік мәселесі толығымен шешімін тапты. Облыстық бюджеттен 1 млрд теңгеге 100 экотакси сатып алынып, халыққа сапалы қызмет көрсетуде.

Мемлекет басшысы, Үкіметтің қолдауымен аймағымыз қарқынды құрылыс алаңына айналууда.

2022 жылдан бері өнімізде 200-ге жуық



Жақында ғана «Қызылорда-Жезқазған» автомобиль жолының облыс аумағындағы 216 шақырымы қайта жаңғыртудан өтіп, ел игілігіне берілді. Арал қаласында 3 млрд 140 млн теңгеге ұзындығы 940 метр болатын аспалы көпір салынды. 1 млрд 400 млн теңгеге тұрғындардың ұзақ жыл күткен Жаңақорған кентіндегі теміржол үстінен өтетін көпір пайдалануға берілді. 4 млрд 700 млн теңгеге Қызылорда қаласындағы теміржол асты автожол құрылысы қарқынды жүруде. Алдағы наурыз айында пайдалануға беріледі. Қармақшы ауданында 5 млрд 515 млн теңгеге теміржол арқылы өтетін көпірдің құрылысы басталады.

әлеуметтік нысан салынып, ел игілігіне берілді. 2022-2024 жылдары тұрғын үй кезегінде тұрған азаматтарға 5 мыңнан аса пәтер табысталды (5148 пәтер). Аймақта соңғы 3 жылда алғаш рет барлық аудандарда жаңадан 1800-ге жуық пәтер (2023 ж. – 430, 2024 ж. – 1015, 2025 ж. – 332, жалпы саны – 1777) салынып, жерлестерімізге табыс етілді. Биыл 3600 пәтерлі тұрғын үй салуға бюджеттен 58 млрд 785 млн теңге бөлінді.

Біздің ең бірінші міндетіміз – еліміздің болашағы балаларымыздың жан-жақты сапалы білім алуына қолайлы жағдай жасап, жайлы орта қалыптастыру. Аймағымызда білім беру саласына соңғы 3 жылда 812 млрд 245 млн теңге бөлінді. Биылғы жылы 346 млрд 800 млн теңге қаралды (құрылыс жұмыстарын қоса есептегенде). Өткен жылы өнімізде 31 млрд 800 млн теңгеге жаңадан 13 білім беру ұйымы жаңадан ашылды.

3-бет



ӨНІР ЭКОНОМИКАСЫНЫҢ ҚОС ҚАНАТЫ

«Келешек мектептері» ұлттық жобасы аясында 54 млрд 391 млн теңгеге 10 жаңа мектеп салынып, пайдалануға берілді. 2023 жылдан бастап 5 млрд 700 млн теңгеге 9 мектеп жанынан қосымша ғимарат бой көтерді. Нәтижесінде өңірімізде үш ауысымдық мектептер мәселесі түбегейлі шешімін тапты.

Кәсіпкерлердің демеушілігімен Арал ауданы Токабай ауылындағы апаттық мектептің орнына 500 млн теңгеге жаңадан білім ордасы салынды. «Білімді қолдау қоры» арқылы 2 млрд 333 млн теңгеге Мергенсай ауылында салынған 150 орындық мектеп жақын күндері пайдалануға беріледі. Аталған қор есебінен 8 млрд 400 млн теңгеге физика-математика бағытындағы «Білім-инновация» лицей-интернаты салынды. Соңғы үш жылда 5 млрд 300 млн теңгеге 15 мектеп ғимаратына күрделі жөндеу жұмыстары жүргізіліп отыр. Биыл бұл мақсатқа облыстық бюджеттен 2 млрд 400 млн теңге бөлініп, 9 мектеп қайта жаңғыртудан өтті. Президентіміздің тапсырмасына сәйкес алдағы үш жылда өңіріміздегі 51 мектеп күрделі жөндеуден өтетін болады (реновациядан).

11 млрд теңгеге балалар мен жасөспірімдерге арналған «Сыр жұлдыздары» академиясы ашылды. Академияда 6 бағыт бойынша 52 үйірме жұмыс жасауда. Ішінде үлкен және кіші бассейндер, спорт-жаттығу, пәндік, робототехника, компьютерлік модельдеу және шығармашылық кабинеттер бар. Бұдан бөлек, ауласында футбол, волейбол,

баскетбол, балалар ойын алаңдары жұмыс жасайды. Академия күніне 3 мың балаға дейін қызмет көрсетеді.

3 млрд теңгеден астам қаржыға 3 ауданда «Оқушылар үйі» мен «Өнер мектептері» салынып, пайдалануға берілді (Жалағаш, Жаңақорған, Шиелі аудандарында). «Қаз-МұнайГаз» Ұлттық компаниясының демеушілігімен Қызылорда қаласында 2 млрд 500 млн теңгеге заманауи үлгідегі 350 орындық «Оқушылар сарайы» салынып, балаларымыздың игілігіне қызмет етуде. 4 млрд 800 млн теңгеге Музыкалық колледждің жаңа оқу ғимараты мен жатақханасы салынып, ел игілігіне табысталды.

Президент саябағында 10 млрд теңгеге 300 орындық жыл бойы жұмыс жасайтын заманауи балалар тынығу лагері бой көтеруде. Саябақта 5 млрд теңгеге Ботаникалық білім беру орталығының ғимараты салынуда (қысқы бақ). Қызылорда қаласында 5 млрд 200 млн теңгеге жұмысшы мамандарды даярлауға арналған «Құзыреттілік орталығы» ғимаратының құрылысы басталды.

Президентіміз жасанды интеллектті дамытуды еліміздің стратегиялық міндеті ретінде белгілеп берген болатын.

Мемлекет басшысының тапсырмасын орындау мақсатында Корея Республикасының жетекші жоғары оқу орындарының бірі – Сеул ұлттық ғылым және технологиялар университетімен келіссөз жүргізіп, Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің



базасында Жасанды интеллект институты ашылды (2023 жылғы 6 қараша).

Аймақта Мемлекет басшысының тапсырмасымен, Үкіметтің қолдауымен денсаулық сақтау саласын дамытуға, халықтың медициналық қызметтерге қолжетімділігін арттыруға бағытталған кешенді шаралар нәтижелі жүзеге асуда. Соңғы үш жылда облыстың денсаулық сақтау саласына барлығы 441 млрд теңге (440 млрд 700 млн теңге) қаржы бөлініп, халықтың сұранысына сәйкес түйткілді мәселелер шешімін табуда.

«Ауылда денсаулық сақтауды жаңғырту» ұлттық жобасы аясында өңіріміздің барлық аудандарында 10 млрд 763 млн теңгеге 28 медициналық нысан салынды. Қызылорда қаласында 36 млрд 400 млн теңгеге 300 орындық көпбейінді аурухана орталығының құрылысы жүргізілуде (аумағы 57 333 шаршы метр). 5 млрд 400 млн теңгеге 4 аудандағы орталық ауруханалар жанынан жаңа қосымша ғимараттар салынды.

Екі ауданда 4 млрд 500 млн теңгеге жұқпалы аурулар бөлімшесінің жаңа ғимараттары салынып, ел игілігіне табысталды (Шиелі ауданында 2 млрд 300 млн теңгеге, Арал ауданында 2 млрд 200 млн теңгеге). 2 млрд 700 млн теңгеге «Қан орталығы» ашылды, жұмыс жасауда.

Облыс орталығында 48 млрд 500 млн теңгеге 200 орындық перинаталдық орталық ғимараты мен (38 241 шаршы метр) 14 млрд 780 млн теңгеге 500 орындық (11 626 шаршы метр) емхананы салуға Үкіметпен тиісті қаулы қабылданды. Жақын күндері құрылыс жұмыстары басталады. Бұдан бөлек, Қызылорда қаласында 10 млрд теңгеге 400 орындық емхананың құрылысы қолға алынады (8937 шаршы метр).

Тұрғындардың сұранысына сәйкес соңғы 2 жылда жергілікті бюджеттен 5 млрд 400 млн теңгеге 225 дана жаңа санитарлық автокөлік, 45 жедел жәрдем көлігі алынып, пайдалануға берілді. Өңірдегі барлық елді мекендердегі денсаулық сақтау ұйымдары арнайы қызметтік автокөліктермен 100 пайыз қамтамасыз етілген. Ал 6 млрд теңгеге 24 медициналық нысан күрделі жөндеуден өткізілді.

Облыста денсаулық сақтау мекемелеріне 15 млрд теңгеге медициналық құрал-жабдықтар сатып алынды. Жалпы өңірдегі денсаулық сақтау ұйымдарының жабдыкталу деңгейі 2022 жылы 83,2 пайыз болса, бүгінде бұл көрсеткіш 87,4 пайызға жетті (Республикалық деңгейі 85,6%-ды құрайды).

Тұрғындарға сапалы медициналық қызмет көрсету үшін мамандардың біліктілігін арттыру ұдайы назардан тыс қалған емес. Өткен жылы 15 дәрігер-маман Түркияның жетекші медициналық клиникасында білімдерін жетілдірді. Биыл 41 медицина қызметкеріміз Германия, Ресей, Литва, Беларусь елдеріндегі үздік дәрігерлік клиникаларда біліктіліктерін арттырды.

Мәдениет пен руханият саласында да ауқымды жұмыстар атқарылуда.

2022 жылдан бері өңірімізде жаңадан 20 мәдениет нысаны бой көтеріп, ел игілігіне берілді (7 «Руханият» орталығы, 9 ауылдық клуб, «Анаға тағзым», «Өнер», «Отбасы» орталықтары, облыстық тарихи-өлкетану музейі). «Ауыл – ел бесігі» бағдарламасы бойынша 2 ауылдық клуб салынуда (Арал ауданы Аманөткел ауылы, Жаңақорған ауданы Екпінді ауылы). Барлық 7 ауданда 11 млрд 500

млн теңгеге «Руханият» орталықтары салынды. Орталықта музей, кітапхана, архив, неке кино залдары, ардагерлер мен аналар кеңесі, жастар, этномәдени бірлестіктер, үкіметтік емес ұйымдардың толық жабдықталған жұмыс кабинеттері жұмыс істейді.

Қызылорда қаласында «Отбасы орталығы», «Анаға тағзым» орталығы, көпфункционалды мың орындық «Өнер орталығы» ашылды. Биыл Қызылорданың кезінде астана болғанына 100 жыл толды. Атаулы датаға орай 2 млрд 300 млн теңгеге облыстық тарихи-өлкетану музейінің заманауи жаңа ғимараты игілікке берілді.

Ассамблеяның 30 жылдығы аясында Қызылорда қаласында «Қазатөнеркәсіп» ұлттық атом компаниясының қолдауымен 3 млрд 800 млн теңгеге жаңа «Достық үйі» салынды. Мәдениет саласының өкілдеріне жаңадан бой көтерген көпқабатты тұрғын үйден 40 қызметтік пәтер табысталды. Жаңадан симфониялық оркестр, инклюзивті театр, жастар театры, заманауи би, хор ұжымдары құрылды. Сыр мәдениетінің негізгі бөренді, жыраулық дәстүр өкілдерінің отауы – Жыраулар үйі ашылды. Жыл сайын мәдениет, өнер, әдебиет өкілдерін қолдау мақсатында «Туран» сыйлығын табыстау дәстүрге айналды.



Бұған дейін біз елордамыз Астана қаласында, мәдени орталығымыз Алматы қаласында Сыр өнерпаздарының мәдениет және өнер күндерін өткізген болатынбыз. Биыл ағартушы, ұлы ақынымыз Абай Құнанбайұлының 180 жылдық мерейтойына орай Абай, Шығыс Қазақстан облыстарында Қызылорда облысының өнер күндері ұйымдастырылды. Облыстың өнер мейталмандары наурыз мерекесін, еліміздің салт-дәстүрлерін халықаралық деңгейде насихаттау мақсатында Испания, Финляндия, Эстония елдерінде маңызды шаралар ұйымдастырып келді. Ал Ұлттық мерекеміз – Республика күніне орай Швейцарияның бірқатар қаласында Қызылорданың мәдениет және өнер күндері өтті.

Облыста тұрғындардың бұқаралық, кәсіби спортпен шұғылдануына барлық жағдай

жасалуда. Соңғы 3 жылда аймақта 21 спорт кешені бой көтеріп, ел игілігіне табысталды.

Президентіміз Қасым-Жомарт Кемелұлының аймақтарда спорт инфрақұрылымын, оның ішінде стадиондар мен спорт кешендерін салу туралы тапсырмасына сәйкес Қызылорда қаласында жаңа стадион бой көтерді.

УЕФА-ның 4-ші санатты сертификатын алған 11 мың орындық заманауи нысанда – ірі көлемдегі спорттық шараларды өткізуге барлық мүмкіндік қарастырылған. Жаңа стадион 4 қазан күні футболдан Қазақстан кубогының финалдық ойынымен ашылды.

Облыс орталығындағы ірі жобалардың бірі – аумағы 25 мың шаршы метрді құрайтын, 20 млрд 500 млн теңгеге көпбейінді «Қызылорда Арена» спорт кешенінің құрылысы жүргізілуде. Ал «Самұрық-Қазына Траст» қорымен бірлесіп Қызылорда қаласында 3 млрд 400 млн теңгеге «Тенис орталығы» ашылып, жұмыс жасауда.

Президент бастамасымен құрылған «Қазақстан халқына» қорымен тығыз байланыста жұмыс бар. Биыл қордың қолдауымен 2 ауданымызда жаңа спорт кешендері салынды (Шиелі, Жалағаш аудандарында). Бұдан бөлек, 2 млрд 900 млн теңгеге Қызылорда қаласында мүгедектігі бар жандарға арналған дене-шынықтыру-сауықтыру кешені бой көтерді. Жаңа ғимарат жақын күндері ел игілігіне табысталады.

Жергілікті кәсіпкерлердің демеушілігімен 1 млрд 600 млн теңгеге 80 спорт-ойын алаңы салынды. «Ауыл – ел бесігі» бағдарламасы аясында 5 спорт кешені бой көтеруде.

Ал «Таза Қазақстан» республикалық экологиялық бағдарламасы аясында облыста көркейту-қоғалдандыру, елді мекендерде абаттандыру жұмыстары қарқынды жүруде. Биыл 6 млрд 300 млн теңгеге қалалық мәдени-демалыс паркі қайта жаңғыртудан өтті. 1 млрд 64 млн теңгеге Қорқыт ата мемориалды аллеясы ашылып, жұмыс жасауда. Қызылорда қаласында 15 млрд теңгеге «Президент саябағы» қайта жаңғыртудан өтті. Саябақ тұрғындардың серуендеп, тынығуы үшін тұрақты түрде қызмет ететін қаламыздағы жаңылы, көрікті орындардың біріне айналды. Бүгінде саябақтың қасынан 20 млрд теңгеге бес жұлдызды қонақүйдің құрылысы қолға алынған. «Президент саябағынан» 9 млрд теңгеге Сырдария өзені үстінен өтетін жаяу жүргіншілер көпірі салынады. «Туған жерді бірге түлетейік!» бастамасы аясында кәсіпкер-мәенаттар, қоғамдық қорлар Сыр өңірін көркейтуге өз үлестерін қосуда.



ЖАҢА ЖЫЛУ ЭЛЕКТР ОРТАЛЫҒЫ



ИНВЕТОР

ЖОБА ҚҰНЫ

AKSA ENERGY (ТҮРКИЯ)

215 МЛРД ТЕҢГЕ



240 МВТ



277 ГКАЛ



ЖОЛ ҚҰРЫЛЫСЫНЫҢ ДАМУЫ



2022-2025 ЖЖ.

ЖОБА ҚҰНЫ

150 МЛРД ТЕҢГЕГЕ

ЖАСАЛҒАН ЖОЛДАР МЕН КӨШЕЛЕР

1 600 КМ

САЛЫНҒАН КӨПІРЛЕРМЕН ӨТКЕЛДЕР

30

ЖАҚСЫ ЖАҒДАЙДАҒЫ ЖОЛДАРДЫҢ ҮЛЕСІ

95%



СЫР ӨНЕРПАЗДАРЫНЫҢ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ ӨНЕР КҮНДЕРІ



КОМПАНИЯ ПРЕЗИДЕНТІМЕН КЕЗДЕСТІ

– «Петро Қазақстан Инк» компаниясының мұнай-газ секторында ғана емес, облысымыздың әлеуметтік-экономикалық дамуында да ерекше үлесі бар.

Жұмыс орындарын сақтау, заманауи технологияларды енгізу және экология мәселелеріне жауапкершілікпен қарау біз үшін өзекті болып қала береді. Компания қолданыстағы 10 келісімшарт негізінде «Оңтүстік Торғай» бассейнінің бірнеше кен орынында көмірсутек өндіреді. Қазіргі уақытта 1-бет

кен орындарының көпшілігі өндірудің соңғы сатысында және қалдық қорды өндіру қиына соғуда. Осыған байланысты тек қолданыстағы келісімшарттық аумақтарда ғана емес, жаңа перспективалық учаскелерде де барлауды бастау керек.

Өңірдегі «Айдан Мұнай», «Сибу Қызылорда», «ҚуатАмлонМұнай» және басқа да мұнай компанияларының қызметкерлері жалақы көлеміне, еңбек жағдайына жүйелі түрде наразылық білдіруде. Халықтың ал-аукатын арттыруға және қоғамдағы әлеуметтік

шиеленісті болдырмауға бағытталған онтайлы шешімдер қабылдау – біздің басты міндетіміз. Бұл ретте Сіз басқаратын компаниялар тобы қызметкерлерінің еңбек жағдайын жақсартуда тиісті шаралар қабылдау қажет.

Үкімет газ тапшылығын болдырмау мақсатында газ кен орындарын дамытуға ерекше назар аударуда. Өңір үшін мәселенің маңыздылығын ескеріп, басқа компаниялардың ресурстарынан газ құбырын жүргізу жобасын іске асыру мүмкіндігін қарастыруыңызды сұраймын.

Облыста жаңартылатын энергетика белсенді дамып келеді, жалпы қуаты 89 мегаватт болатын 9 күн-электр станциясы жұмыс істейді. Жақын арада 7 күн және 2 жел-электр станциясын іске қосу жоспарланған. Жаңартылатын энергия көздері саласындағы жобаларды да басты назарда ұстауды ұсынамыз, – деді облыс әкімі.

Кездесуде компания президенті көтерілген мәселелердің шешіміне қатысты ұсыныстарды қолдайтынын жеткізді.

Айта кетейік, «Петро Қазақстан Инк» компаниялар тобына облыс аумағындағы мұнай-газ кен орындарын игеретін 6 компания кіреді. Атап айтсақ, «ПетроҚазақстан Құмкөл Ресориз», «Торғай Петролеум» АҚ, «ҚазГірмұнай», «Көлжан», «Түзкөл Мұнайгаз Оперейтинг» ЖШС және «ІКВИ» Қызылорда филиалы.

Облыс әкімінің баспасөз қызметі

Біз осы ғимаратқа бас сұққанда-ақ қарбаласы көп екені білінді. Жыл басында пайдалануға берілген «Руханият орталығының» ішінде тағылымы мол түрлі шара өтетінін еститіміз. Онысы рас екен. Жаңақорғанның дәл орталығынан бой көтерген еңселі ғимаратта аудан мен облыс көлеміндегі басқосулар жиі ұйымдастырылып жүр.

Мұнда кіргенде байқадық, орталықтың бірінші қабатындағы музей ішінде Қазақстан халқы Ассамблеясының іс-шарасы басталып кетіпті. Аудандағы түрлі этнос өкілінің басын біріктірген концерттік қойылым ассамблеяның 30 жылдығына арналса керек. «Достық – рухани қазына» деп аталатын шара мақсаты – ел бірлігін насихаттауға бағытталғандай.

жасақталып, оқырманға жайлы орта құрылды. Оқушылар мен жастардың бос уақытын тиімді ұйымдастыруда шахмат, логикалық ойындар, компьютерлік сауат ашу сабақтары өтуле. Сондай-ақ заман талабына сай сандық форматқа 538 кітап енгізілді. Ең басты жаңалық – жергілікті басылым «Жаңақорған тынысы» газетінің 1993 жылдан бүгінге дейінгі номерлері сандық форматқа көшірілді. Жалпы аудан кітапханасының басты мақсаты – оқуды насихаттау, жас ұрпақтың ой-өрісін кеңейту, рухани мәдениетін дамыту. Осы бағыттағы жұмыс тоқтамайды, – дейді кітапхана директоры.

зейнеткерлік куәлік те құрметпен берілді. Сондай-ақ 30 кәметтік жасқа толған қыз-жігіттерге жеке төлқұжаттарын осы ғимаратта ұсындық, – дейді бөлімнің бас маманы Гүлнұр Жошиева.

Мұндай маңызды сәттерде бөлім қызметкерлері ауданға, облысқа белгілі ардагерлерді шақырып тұрады. Әсіресе, жас отау құрған жұптардың некесі қиылғанда олар көп жылдан бері отбасы бірлігін сақтаған, немере-шөбере сүйген ата-әжелердің ақ батасын алады. Біз мұны кейінгі буынға тәрбие беретін тамаша үрдіс деп қабылдадық.

ҚОС БУЫННЫҢ БІРЛІГІ

Бұған дейін орталықта ардагерлер кеңесі мен Жастар ресурстық орталығының орын тепкенін айтқанбыз. Аудандық ардагерлер кеңесі төрағасының орынбасары Пахмаддин Айнақожаевтың айтуынша, елдегі ақсақалдар мен жастар арасында бірлескен шара жиі өтіп тұрады.

Ауданда 8 мыңнан астам ардагер болса, елді мекендер мен мекемелерде 81 бастауыш ардагерлер ұйымы бар. Қазір жаңа ғимарат ішіне көштік. Облыс басшысы мен аудан әкімі қарттарға деген қолдауын аяған

емес. Бүгінде аудан орталығындағы ақсақалдар мен әжелер осында жиі бас қосады. Сондай-ақ мерейлі жасқа жеткен қариялардың отбасылары келіп, осы орталықта көптеген шара өткізеді. Екінші айтар дүние, аудан әкімдігі мен жергілікті үлкен кәсіпкерлер қарттарды сауықтыру орындарына жіберіп тұрады. Мысалы, «ЖанАрай» серіктестігі 30 ардагерге шипажайға жолдама сыйлады, – дейді төраға орынбасары.

Бұдан бөлек, аудан ардагерлері тарихи орындарды аралап тұрады екен. Осы жылдың тамыз айында аудан әкімдігінің қолдауымен «Қорқыт ата» кешені және «Байқоңыр» айлағына екі күндік сапар ұйымдастырылыпты. Бұған жаңақорғандық 30 ардагер барып қайтқан.

– Жастар өткізген қай шара болмасын, біздің аудан ақсақалдары міндетті түрде қатысады. Осындай сабақтастықпен аудан мен ауылдарда көптеген тағылымды шара өткіздік. Екі буын, ақсақалдар мен жастар жұмысы тығыз байланыста. Осы жылы «Әжелерді ардақтайық» деген аудандық форум өз деңгейінен жоғары өтті. Кеңес жанынан «Ақ әжелер» ансамблі құрылған. Өңірдегі байқауларға қатысып жүр. Жалпы облыстағы мәдениет пен спорт шараларынан қалыс қалмаймыз. Жақында ғана аудандағы ақсақалымыз Темірхан Сәрсенбаев Қызылордада өткен ардагерлер арасындағы үстел теннисі жарысында бірінші орынды жеңіп алды. Тағы бір айтатын жайт, аудандық ардагерлер ұйымы атынан «Ардагерлер мерейі» газеті шығады. Бас редакторы өзім. Басылымда аудан мен облысқа белгілі қарияларымыздың өнегелі өмір жолын насихаттап келеміз, – дейді П.Айнақожаев.

Айта кетейік, Аудандағы қазыналы қарттардың мерейлі жасын құрметпен өткізу тұрақты жолға қойылған. Сондай-ақ елге еңбек сіңірген ақсақалдар мен аналарға «Жаңақорған ауданының құрметті ардагері» төсбелгісі тапсырылып жүр.

Ал Жастар ресурстық орталығының директоры Наурызбай Орынбасармен кездескенімізде Жаңақорғанда 14-35 жас аралығындағы 24764 жас барын айтып қалды. Бұл – аудан тұрғындарының 31,3 пайызы.

– Ел Президенті жариялаған «Жұмысшы мамандықтар жылында» 100-ден астам аудан жастарының қатысуымен «Еңбек жолы – жарқын болашақ» атты жастар слетін өткізгенбіз. Слет қарсаңында аудан әкімі Мажит Самитовпен кездесу өтіп, жұмысшы жастар марапатталды. Жалпы жыл басынан бері біздің орталық 200-ден аса шара өткізді. Конституциясының 30 жылдығына орай «Жаңақорған – 2025» жүгіру марафоны, «Street Workout Challenge – 2025» спорттық сайысын ұйымдастырдық, – дейді ол.

Оның сөзінше, жаңақорғандық жастарды кәсіпке бейімдеу жұмыстары өтіп тұрады. «Мүмкіндіктер алаңы» жылжымалы жәрмеңкесімен бос жұмыс орындары, кәсіпкерлік мақсатта алынатын гранттар жайлы түсіндіру жиі ұйымдастырылады. Ел ішіндегі жұмыссыз қыз-келіншектерге паш кию, макияж жасау, тігін шеберлік сабақтары өтіп, кейбір тұрғындар осы бойынша жұмысқа да орналасқан.

– Жаңақорған ауданы жастарының арасында волонтерлік қозғалыс өте жақсы дамыған. Ауданда 200-ге жуық волонтердің басын құраған «Жанарған Жаңақорған Жастары» қоғамдық қоры жұмыс істеп келеді. Осы кезге дейін 13 мұқтаж отбасыға баспана салып, аудан орталығынан «Қамқор» әлеуметтік дүкенін іске қосты. Жыл сайын әлеуметтік дүкеннен 400-ге жуық отбасы көмек алып келеді, – дейді Жастар ресурстық орталығының директоры.

Сөз соңы. Бытыр Сыр өңірінде «Руханият жылы» деп жарияланғаны белгілі. Атаулы жылы 11,5 мың теңге бөлініп, облыс әкімі Нұрлыбек Машбекулының өзіндік таң бастамасымен өңірдің 7 ауданында «Руханият» орталықтары бой көтерді. Өзге облыстарда кездесе қоймайтын мұндай сәулетті ғимарат ішіне музей, кітапхана, архив, неке қию залы, ардагерлер және аналар, қоғамдық келісім, үкіметтік емес ұйымдар, Жастар орталығы сынды бірқатар тарихи-мәдени, рухани ұйымдар біріктірілді. Бұл бір жағиынан, бюджет қаржысын тиімді басқаруға, әкімшілік шығындарды азайтуға, септігін тиісінше анық. Екіншіден, орталыққа көшірілген барлық аудандық мекемелердің материалдық техникалық базасы жаңартылды.

Ал қарт Қаратау етегіндегі Жаңақорған жеріндегі «Руханият орталығы» тәрбие мен тағылымды шаралардың қайнаған ортасы екенін тағы бір дәлелдегендей.

Ержан ҚОЖАС,
«Сыр бойы»
Жаңақорған ауданы



РУХАНИ ҚҰНДЫЛЫҚ ҚАЙНАРЫ

12 МЫҢНАН АСА ЭКСПОНАТ БАР

Жоғарыда айтқандай, ассамблея іс-шарасы біткен соң орталық ішін асықпай аралағанмыз бар. Алдымен музей бөлмесіне кірдік. Ғылыми қызметкер Мөлдір Дүйсенбаева әр жәдігердің тарихын айтып, жеке-кей таныстырып үлгерді. Мұнда көргеніміздей, Жаңақорған жеріндегі ежелгі тарихи қалалар мәліметі, олардан табылған түрлі колонер бұйымдары көп. Аудан төңірегінен шыққан батыр мен би, ақын мен жазушы, соғыс ардагерлері, құрмет төрін көрінген еңбек ерлері және тағы басқа белгілі тұлғалар жайлы мол мағлұмат тұр. Жергілікті халықтың байырғы кәсібінен сыр шертетін, өткен заманның куәсі іспеттес шаруашылық, тұрмыстық заттар да осында.

– Быыл ақпан айынан бері облыс басшысының бастамасымен Жаңақорған аудандық музейі жаңа ғимаратта өз қызметін жалғастыруда. Негізі егемендіктің алғашқы жылдарында қаланған музей бүгінде облыстағы іргелі мәдени орталықтардың біріне айналды. Қор осы өңірдің сан ғасырлық тарихынан сыр шертер жәдігерлеріне, өнеркәсібі мен мәдениеті жайлы мәліметтерге бай. Ұрпақтар сабақтастығын жалғай отырып, халық игілігіне айналдыруда, өскелең ұрпаққа патриоттық тәрбие беруде музей экспозициясының алатын орны ерекше, – дейді Мөлдір Дүйсенбаева.

Ғылыми қызметкердің сөзінше, жаңа «Руханият орталығының» ашылуы аудан жұртшылығына тың серпін берген. Мұнда ардагерлермен, жастармен бірлесіп жұмыс істеу өте қолайлы. Кең, жарық, тамаша жабдықталған кабинеттер мен залдар көз тартады әрі келушілер үшін барлық жағдай жасалған.

– Біз өзімізде өтетін танымдық шаралар арқылы өткен тарихи жәдігерлерді жинақтаумен, бүгінгі ұрпақты ел тарихын тануға, мәдениет пен өнерді бағалауға шақырып жеміз. Биыл музейдің жылдық жоспары қайта бекітіліп, сол бойынша жұмыс жүруде. Біздегі жалпы экспонат саны 12253-ке жетті. Оның 7707 данасы негізгі қорға, 4546 данасы көмекші қорға тіркелген, – дейді ғылыми қызметкер.

КІТАПХАНА – ҚОҒАМ АЙНАСЫ

«Руханият орталығынан» орын алған А.Сопыбеков атындағы аудандық кітапхана жаңа ғимаратқа көшкелі өздерінің тың бастамаларымен оқырманын қуантып келеді. Мұнда келгелі

ұжым 160 шара өткізіп, мыңдаған адамға қызмет көрсеткен. Бүгінде аудандық кітапхана қорында 35936 кітап бар.

– Жыл сайын кітапхана қоры толығып, оқырмандарға қолжетімді ашық қор жүйесі қалыптасты. Жаңа әдебиеттер, ғылыми-танымдық кітаптар мен көркем шығармалар бойынша көрмелер ұйымдастырылып, кітапхана қорын электронды жүйеге енгіздік. Сонымен қатар, оқырман сұранысына сай цифрлық қызмет түрлері кеңейтілді, яғни QR-код арқылы кітап іздеу, электронды каталогпен жұмыс сынды жаңа мүмкіндіктер іске қосылды, – дейді кітапхана директоры Әсемқұл Тілеуберенова.

Басшының сөзінше, кітапханада жастар мен оқушыларға арналған түрлі бағыттағы әдеби кештер, танымдық сағаттар, кездесулер, байқаулар, поэзия оқулары мен шығармашылық алаңдар тұрақты түрде өтеді. Мысал келтірсек, аудандық кітапханада «Туған өлке тұлғалары» жобасы аясында ҚР Мәдениет қайраткері, Қазақстан Композиторлар одағының мүшесі, әнші-сазгер Сауранбек Елеуовтің 70 жасқа толу құрметіне «Сазымен жүрек тербеткен» атты шығармашылық кеші, Жазушылар одағының мүшесі, мәдениет қайраткері, әдебиет пен журналистика саласында өзіндік қолтаңбасы бар қаламгер Жаксылық Рахматуллиннің туғанына 80 жыл толуына орай еске алу кеші ұйымдастырылған. Жазушы, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Тынымбай Нұрмағамбетовтың 80 жасқа толуына орай «Періштелердің өлімі» шығармасына оқырмандар конференциясы, «Тынымбай тұңғышынан сыр шертейік» атты қаламгермен жүздесу кеші, түрколог ғалым, «Парасат» орденінің иегері, профессор Әбжан Құрышжанұлының 95 жылдығына орай оқырманның қатысуымен «Өмір өрнектері» тақырыбында ақпараттық сағат өтті.

Бұдан бөлек, «Кітап – рухани қазына», «Оқы, ойлан, талда», «Әдебиет айнасы» атты әдеби талқылар, жергілікті қаламгерлермен кездесулер, оқырман клубының отырыстары аудан тұрғындарының өміріне мәдени серпін беріп келеді. Аудан ақындарын бір арнаға тоғыстырған «Поэзия патшалығы» үйірмесі де бар.

– Жақында ғана біздің кітапхананың ұйымдастыруымен «Заманауи кітапхана: жаңа идеялар мен бастамалар» атты облыстық форум жоғары дәрежеде өтті. Осы жылы кітапханаға заманауи форматтағы коворкинг орталығы, ашық оқу аймағы, балалар бұрышы, топтық және жеке оқуға арналған орын

АХАТ ПЕН АРХИВТІ АРАЛАҒАНДА...

Орталықтағы тағы бір мемлекеттік мекеме – облыстық мемлекеттік архивінің Жаңақорған аудандық филиалы. Филиал басшысы Зағипа Әбжәлелованың айтуынша, мұнда 201 қор бар. Ал 201 қордың өзін ашып айтсақ, бұл – аудандағы 201 мекеменің архиві сақтаулы деген сөз. Мұның ішінде жеке тектік қордан басқа, аудан әкімдігі, бөлімдер, білім беру ұйымдары, бұрынғы совхоздар мен ауылдық кеңестер, сондай-ақ бүгінгі ауылдық округтер туралы дерек қамтылған.

– Қазір біздің аудандық филиалда 38 мыңға жуық құжат жинақталған. Ең алғашқы аудандық ауруханаға қатысты көне құжат 1926 жылға жатады. Өзім 1986 жылы архивист болып қызметке келдім. Ал 1992 жылдан бастап тұрақты сақталатын қор жасақтала бастады. Ол – ауданда құрылған әр мекеменің төл тарихы. Ал жеке құрамдағы қор құжаттары мекемеде жұмыс істейтін адамдарға байланысты. Олардың өмір тарихы, қызметтік жылдары, марапаттары, алған жаалақылары қамтылады. Оған дейін мұндай құжаттар әр мекеменің ішкі архивінде сақталған. Мұнан соң жеке тектік құжатты жинақтадық. Қазір бізде 20-дан астам жаңақорғандық белгілі азаматтардың құжаттары сақтаулы. Мысал келтірсек, осы архивті ең алғаш ашқан, 40 жылдан астам ауданға еңбегі сіңген қаржыгер Бегмахан Дүйсенбаевтың жеке тектік қорын жинаудан бастадық, – дейді З.Әбжәлелова.

Оның айтуынша, соғыс ардагерлері, мәдениет үздіктері, ауыл шаруашылығы майталмандарының жеке тектік құжаттары осында сақтаулы. Сондай-ақ құнды құжаттар қатарына аудан мен кент әкімдігінің қаулы-қарарлары да жатады. Ал аса құнды деп саналатын құжаттар аудан емес, облыс орталығындағы архивте жататын көрінеді. Көбіне құпия ретінде көрсетіледі.

Ал орталық ішіндегі АХАТ (аудандық азаматтық хал актілерін тіркеу) бөлімі тұрғындарға жаңаша форматта қызмет көрсетуде. Заманауи ғимарат ішінде тек құжат рәсімделіп қана қоймай, ұрпақ жалғасына жаңаша форматта қызмет көрсетуде.

– «Руханият орталығының» неке кино залында бүгінге дейін 56 жұптың некесі салтанатты түрде қиылды. Дүниеге келген 591 нәрестеге туу туралы куәлік табысталды. 120-ға жуық зейнет жасына жеткен қарияларға






Биыл елімізде жұмысшы мамандықтардың маңыздылығын арттыру, техникалық және кәсіптік білім беру жүйесін реформалау бағытында ауқымды жұмыс жүзеге асырылды. Кәсіптік-техникалық білім беруді трансформациялаудың 2025-2027 жылдарға арналған жол картасы бекітіліп, онда өңірлік ерекшеліктерге сәйкес жаңа мамандықтар атласын әзірлеу, кәсіптік бағдар беру тұжырымдамасын жүзеге асыру, кәсіби білікті кадрлар даярлау, сапалы жұмыс орындарын құру, жұмысшы кадрлардың мәртебесін көтеру сияқты бағыттар қамтылды. Статистикалық деректерге сүйенсек, бүгінде елімізде кәсіптік-техникалық білім беру жүйесінде 772 колледж жұмыс істейді. Кәсіби құзыретті мамандар даярлауға ерекше үлес қосып келе жатқан сондай оқу орындарының бірі – Арал ауданындағы Арал көпсалалы колледжі. Қазір мұнда 11 мамандық, 26 біліктілік бойынша 280-нен астам оқушы білім алып жүр. Оқу ордасы мемлекеттік лицензияға ие және техникалық, кәсіптік бағыттағы заманауи маман даярлауға толық мүмкіндік беретін материалдық-техникалық базамен қамтылған.

КӘСІПТІК БІЛІМНІҢ



ЖҰМЫСШЫ
МАМАНДЫҚТАР
ЖЫЛЫ

КӨКЖИЕГІН ЕҢЕЙТКЕН



– Колледждің басты миссиясы – кәсіби білім беру арқылы тұрақты әлеуметтік-экономикалық өсуді қамтамасыз ететін техникалық және кәсіптік білімі бар бәсекеге қабілетті мамандар даярлау. Дуальді оқыту жүйесі бойынша биыл білім алушылардың 33 пайызы немесе 100-ге жуық студент техникалық және кәсіптік білім беру ісіне тартылған. Олар дуальді оқыту бойынша ауданымыздағы өндіріс, шаруашылық серіктестіктері мен мекемелерде өндірістік тәжірибеден өтіп, теориялық білімін тәжірибе жүзінде шын-дайды. «Аралтұз» зауыты, «Арал құрылыс» серіктестігі, «Қызылорда электр тарату тораптары компаниясы», өзге де жеке кәсіпкерлермен өндірістік тәжірибеден өту туралы келісімшарт жасалған. Мақсатты тапсырыс бойынша бүгінде 13 студент оқып жатыр, – дейді колледж директоры Нұрәлі Әбішев.

Тарихына үңілсек, аталған оқу орны 1959 жылы 23 желтоқсанда ауданның «Сульфат» поселкесінде №169 селолық кәсіптік-техникалық училище болып жұмысын бастаған. 1973 жылы Арал қаласында училище филиалы ашылып, одан кейінгі жылы толығымен соған көшірілді. Оқу-тәрбие және өндіріс бағытындағы жетістіктері үшін атауы 1989 жылы экспериментальді тірек училищесі болып ауысты. Ал 1993 жылы №16 Арал жоғары кәсіптік-техникалық лицейі дәрежесін алды. 1998 жылы №2 кәсіптік-техникалық лицейі, 2002 жылы №2 кәсіптік-техникалық лицейі аталды. Арал көпсалалы колледжі болып өзгергені 12 жылдан асты. Бүгінде кәсіби білім мен өмірлік дағдыларды меңгерудің берік негізін қалайтын іргелі білім ошағына айналды.

Ұстаздар мен шәкірттер арасында түрлі байқауларда топ жарып жүргендер аз емес. Өткен оқу жылында арнайы пән оқытушысы М.Аралбекқызы «Жылдың үздік педагогі» атты республикалық байқауда I дәрежелі диплом иеленсе, өндірістік оқу шебері Н.Сарбөпеев «ҚР үздік еңбек адамы» республикалық байқауында жеңімпаз, «WorldSkills Kazakhstan-2024» республикалық чемпионатында «Кіріпші қалау» құзыреттілігі бойынша Дарханбек Жұманов ұстазы Ғ.Назаровтың жетекшілігімен «Үздік шебер» атанды. Колледж түлектері аймақтың түрлі өндірістік кәсіпорындарында, мекемелерінде, жеке секторда табысты еңбек етуде.

– Оқу орны 2020 жылы толық күрделі жөндеуден өтті. Жылу қазандығы газға қосылған. Ішкі-сыртқы 60 бейнебақылау камерасы қойылған. Барлық мамандық бойынша оқу кабинеттері, зертханалар мен шеберханалар жабдықталған. Тәжірибе жинақтау сабақтары автомобильге техникалық қызмет көрсету орталықтарында өтеді, – дейді Нұрәлі Әбішев.

Келешектің кілті – білімде. Осы орайда өзгерістерге үнемі бейім болу және жаңа білімді меңгеру қабілетін дамыту білім беру бағдарламаларында басымдыққа ие. Арал қаласындағы ғасырға жуық тарихы бар Арал индустриалды-техникалық колледжі – уақыт талабына сай бәсекеге қабілетті, кәсіби маман даярлауды мақсат еткен жұмысшы мамандықтардың ұстаханасы. Ол 1927 жылы балық аулау артелі болып құрылып, жергілікті



тұрғындарды балықшылар бригадирі, ау құралдарын септен-тоқу ісіне үйретті. Ал 1955 жылы колерен училищесі болып қайтадан құрылып, ағаш, темір ұсталарын, қайықтың матрос, мотористерін даярлады. Осылайша әртүрлі даму сатысынан өткен оқу орны 2012 жылы Арал индустриалды-техникалық колледжі болып қайта құрылды.

– Кәсіби құзыреттілік – табысты болашақтың кепілі, ал еңбек – адам өмірінің мәні мен абыройы. Осы мақсатта өндірістік мекемелермен ынтымақтастық орнап, білім мен білік ошағы ретінде алтын көпір салынды. Өндіріс пен теорияның бірізділігі дәстүр бойынша лайықты жалғасын тауып келеді. Бүгінде колледжде 300-дей білім алушы мемлекеттік лицензияға сәйкес 6 мамандық, 7 біліктілік бойынша мамандануда. 23 жеке әлеуметтік серіктестікпен келісімшарт жасалған. «Жұмысшы мамандықтар жылына» орай техникалық және кәсіптік білім беруді трансформациялаудың 2025-2027 жылдарға арналған «Жол картасы» аясында республика көлемінде 11 техникалық және кәсіптік білім беру орнымен ынтымақтастық меморандумы қабылданды, – дейді колледж директоры Рақым Айназаров.

«Жас маман» жобасы аясында іске қосылған дәнекерлеу тренажері, тігін машиналары сияқты инновациялық технологиялармен жабдықталған оқу шеберханалары студенттерге теориялық білімді тәжірибемен ұштастыруға, кәсіптік құзыреттілікті қалыптастыруға мүмкіндік береді. Колледж әкімшілігі алдағы уақытта халықаралық стандарттарға сәйкес оқыту бағдарламаларын дайындап, инженер-педагогтердің біліктілігін арттырып, сұранысқа ие мамандықтарға жаңа оқу үлгісін ұсынуды жоспарлап отыр.

– Материалдық базаны жаңғырту негізінде кадр даярлау және қайта даярлау үшін құзыреттілік орталығын құруды бастап кеттік. Осы орайда 2022 жылы «Сән технологиясы» және «Дәнекерлеу технологиясы» құзыреттіліктері ашылды. Осындай жаңа оқу технологиялары мен заманауи техникалық құрылғылардың арқасында колледждің оқу-материалдық базасы нығайды. Колледж базасының то-

лыққандылығы, білім ордасындағы білім мен білік дағдысының тең болуы, соңғы үлгідегі құрал-жабдықтарды пайдалана отырып, мамандардың ой-өрісін техникаға бағыттау олардың құштарлығын арттырады. «Жұмысшы мамандықтар жылы» өткізудің кешенді іс-шаралар жоспары бойынша биыл бірқатар жұмыс атқарылды. Бұл жастардың кәсіби бағдарын айқындауға, кәсіби біліктілігін дамытып, қоғамда жұмысшы мамандығының беделін арттыруға жол ашады, – дейді Рақым Айназаров.

Жас мамандардың кәсіби біліктілігін арттыруға негізделген «WorldSkills -2025» чемпионатының аймақтық кезеңінің колледж базасында өткізілуі іргелі білім ошағының мерейін өсірді. Байқау нәтижесінде «Дәнекерлеу технологиясы» құзыреттілігі бойынша Т.Әбдібақыт I-орынды еншіледі. Чемпионаттың аймақтық іріктеу кезеңінде студенттер 6 құзыреттілік бойынша бақ сынап, 5 құзыреттіліктен жүлделі орындарға ие болды.

Оқу орны өндіріспен үйлесімді байланыс орнатқан. Биыл «Арал-Құрылыс» ЖШС директоры Мейрамбек Құлмырзаевтың демеушілігімен колледж ғимаратының кіреберіс аумағы асфальтталса, қала әкімі Батыржан Ұзақовтың және «Тоғыс-Аралотын» ЖШС-ның директоры Мейрамбек Жұмашевтың қолдауымен жаздық спорт алаңы салынып, жасанды көгал төселді. Автокөлікке техникалық қызмет көрсету шеберханасы да өндірістік табыс есебінен жөнделіп, студенттердің тәжірибелік дағдысын қалыптастыруға қолайлы жағдай жасалды. Колледж басшысы мүдделер ортақтығын қамтамасыз ету жолындағы жұмыстар жалғаса беретінін жеткізді.

Бұл білім орындарының қай-қайсысының да жұмысы болашақ мамандардың бәсекеге қабілеттілігін арттыру мен кәсіби құзыреттіліктерін дамытуға бағытталған. Сондықтан жастар мемлекет ұсынған мүмкіндікті құр жібермей, қадірі артқан жұмысшы мамандықты тандап, кемел келешекке жол салудан қапы қалмағаны жөн.

Назерке САНИЗОВА,
«Сыр бойы»



Балық – дәруменді, жеңіл тағам. Буын саулығы мен көздің жақсы көруіне септеседі. Жас та, жасамсыз та жей беру керек. Биыл елімізде халықтың жан басына шаққандағы балық тұтыну көрсеткіші 4 келіден 5 келіге өскен. Бірақ сала мамандары әр адам жылына 14 келі балық өнімдерін жеу керектігін айттып жүр.

Екіншіден, облыстарда балықты қолдан өсіру қарқын алды. Тауарлы көл шаруашылықтары Алматы, Түркістан, Жетісу өңірінде көбейген. Ал кәсіптік балық аулау негізінен Атырау, Қызылорда, Алматы және Шығыс Қазақстан облысында жүреді. Балық аулаумен 700-ден астам шаруашылық айналысса, онда шамамен 12 мың балықшы еңбек етуде.

Арал: БАЛЫҚ ШАРУАШЫЛЫҒЫНДАҒЫ БАСЫМДЫҚ

Бізде 120 мың тонна балық өңдей алатын 72 кәсіпорын бар. Олардың 20-сы Еуропа елдеріне өнімдерін экспорттап жүр. Балықтың 50 түрі әлемнің 21 еліне (Германия, Латвия, Литва, Нидерланды, Ресей, Қытай және т.б.) кетеді. Жалпы осы жылдың 10 айында балық өңдеу кәсіпорындары 45 мың тоннаға жуық ысталған, мұздатылған дайын өнім өндірген. Бұл өткен жылдың осы кезеңімен салыстырғанда 10 мың тоннаға артық.

Экспорт демекші, біздің Сыр өңірі де осы салада маңызды рөл атқарады. Әсіресе, Арал ауданы балық шаруашылығында көп жобаны іске асырып отыр.

– Біздегі балық аулау саласында Кіші Арал теңізінің 18 уәскесі, Сырдария өзені және 17 көл тіркелген. Теңізде балықтың 19 түрі мекендесе, кәсіпшілікке оның 16 түрі ауланады. Ауданда жылдық қуаты 24 мың тоннаға жуықтатын 9 зауыт бар. Ал кешегі күзде бір жылда 6 мың тонна балық өңдейтін «Қарашалаң балық» зауытын іске қостық. Айтпа кетейін, биылғы балық аулау маусымындағы белгіленген лимит – 6 мың тонна шамалас, – дейді Арал аудандық ауыл шаруашылығы және жер қатынастары бөлімінің басшысы Жәнібек Жұбанов.

Оның айтуынша, қазір Аралда алты зауыт («Agrofish 2020», «Арал СДО», «Камбала – Балық» балықшылар өндірістік орталығы), «СДО Карашалаң», «Aral Sea food», «Қарашалаң балық» ЖШС балық өңдеу зауыттары) балықты терең өңдеумен айналысып келеді. Қалған төртеуі («Ар-М-Кон», «Бөген СДО», «Қуаныш», «Zhalgasbay» шағын балық өңдеу зауыттары) балықты қатыру, мұздату және ыстау сияқты жеңіл өңдейді.

– Еуропа нарығына шығуға мүмкіндік беретін еурокод белгісі тек екі кәсіпорында бар. Олар – «Арал балық өңдеу зауыты» және «Арал сервистік дайындау орталығы» ЖШС балық өңдеу зауыты. Бұдан бөлек, 15-ке жуық балықты сұрыптап қатыру және сақтау

цехы жұмыс істейді. Биыл 4190 тонна балық ауланды. Былтыр 2847, ал осы жылы 4731 тонна балық өңделді. Өткен жылы 1823, биыл жыл басынан бері 2080 тонна балық өнімдері шет мемлекеттерге экспортталды, – дейді ол.

Ауданға қарасты Қосжар ауылында «Қамыстыбас балық питомнигі» кәсіпорны орналасқан. Аталған мекеме мен оған қарасты «Тастақ» бөлімшесі Кіші Арал теңізі мен теңізге жақын су айдындарына балық шабақтарын өсіріп, жібереді. Мемлекеттік тапсырыс есебінен онда жыл сайын 15 млн 220 мың балық шабағы өсірілсе, оның ішінде 14 млн 800 мың бір жылғы және 420 мың екі жылғы шабақ күтімге алынған.

– Бұдан басқа, Ақшатау елді мекеніндегі «Жамбыл» өндірістік кооперативінде балық дернәсілдерін шығаратын инкубациялық цех жұмыс істейді. Цехтан шыққан дернәсілдер арқылы қазір жергілікті су қоймаларын балықтандыру жұмысы жүргізіледі. Сондай-ақ «Арал Рыбторг» ЖШС Аман-өткел ауылынан қуаттылығы жылына 15-20 миллион шабакқа арналған инкубациялық цех құру бағытында жұмысын бастап кетті, – дейді бөлім басшысының орынбасары Айбек Дәрібаев.

Аудандағы ауқымды жобаның бірі – тоған шаруашылығы. Ақбай ауылы маңындағы Ақирек тауының етегінде орналасқан 380 гектар жер

осы мақсатпен игерілген. Құны 685 млн теңге болатын жобаны жүзеге асыруға «Байқоңыр» ӘКҚ» АҚ арқылы 513 млн теңге несие алынған. Қазір тоған аумағын қазу жұмыстары бітті. Жобаның гидроқұрылысы да аяқталып, Биыл 200 мың майда балық шабағын жіберу керек болса, қазір 50 мың ақ амур, дөңмаңдай, сазан шабақтары тоғандарға жіберіліп жатыр.

– Бұл балық шабақтары өзіміздің «Қамыстыбас» балық питомнигінде өсірілген. Жылдық қуаттылығы 300 тоннадай болатын тоған шаруашылығында алдағы уақытта сазан тұқымдас балықтар өсіріледі.

Қазір балық шаруашылығы 3 бағытқа бөлінген. Олар – кәсіпшілік балық аулау, өсіру, яғни аквакультура және балықты өңдеу. Бұған дейін Үкіметте «Балық шаруашылығын дамытудың 2021-2030 жылдарға арналған өңірлік бағдарламасы» бекітілген болатын. Бағдарламалауда ауданға қатысты тауарлық балық өндірісін ұлғайту үшін 7 тауарлы көл тізімге енді. Атап айтатын болсақ, «Ақшатау-Сорғақ», «Домалақ», «Тұщы», «Қара-көл», «Алаша», «Ақбілек» және «Шөмішкөл» көлі. Ауданда тауарлы балық өсіру дамып келеді. Осы салада 16 шаруашылық бар, – дейді басшы орынбасары.

Ержан ҚОЖАС,
«Сыр бойы»
Арал ауданы



/// ИНВЕСТИЦИЯ ИГІЛІГІ

ЖАҢА ҮЛГІДЕГІ «ЖАҢАҚОРҒАН» КЕШЕНІ



Кейінгі үш жылда Жаңақорған ауданында 200 млрд теңгеге жуық қаржыға инвестиция тартылды. Ал 2025-2028 жылдар аралығында ауданда 15 инвестициялық жобаны жүзеге асыру жоспарланған. Бұлар толық іске қосылған кезде 2 мыңнан аса жұмыс орны ашылмақ. Оның ішіндегі бірнеше жоба биыл іске қосылуда.

Нақытрақ айтсақ, осы жылы «Шалқия Тас» серіктестігі темір-бетон зауытын іске қосса, «Нұрболат» шаруа қожалығы 2 мың тонна ет өнімдерін дайындайтын мал сою пунктін Қожамберді ауылынан ашты. «Бекарыс Агрофуд» ЖШС жылына 500 тонна ет өнімдерін шығаруды мамыр айында бастап кетті.

Жаңақорғанға сапар кезінде осындай ірі инвестициялық



жобаның бірі – «Жаңақорған» қызмет көрсету кешенінде болдық. «В» санатындағы кешен «Батыс Еуропа – Батыс Қытай» көлік дәлізінде орналасқан. Жоба «Caspian Services Asia» ЖШС-ның 1 млрд теңге жеке қаржысымен бой көтерді. Қазір мұнда қонақүй, қоғамдық тамақтандыру орны, монша, жанар-жағармай және жолаушыларға қызмет көрсету (автовокзал) бекеті салынған.

– Бұл кешенді ашпас бұрын біз осы үлкен жол бойынан мешіт салдық. Айқожа ишан атындағы имандылық

үйінің жанынан қосымша медресе де тұрғыздық. Қазір 30-ға жуық бала осында білім алады. Мешіт пен медресеге, онда оқитын балалардың қажетті заттарын қамтуға, азық-түлікке, ғимараттардың коммуналдық ақысын төлеуге, қызметкерлер жалақысына 3-4 млн теңгеді қаржы жұмсаймыз. Бұл – бір айдағы шығын есебі. Ал қазіргі жол бойы кешеніне арнайы 2,5 гектар жер алып, құрылысын екі жыл бұрын бастап кеткенбіз. Жергілікті әкімдік бұған қолдауын аяған жоқ.

Инвестициялық жобаға жер бөліп берді. Өзіңіз көргендей, қазір жолда жүретін көлік жүргізушілер мен жолаушыларға сапалы қызмет көрсетудеміз, – дейді инвестор Болат Әшімов.

Кәсіпкердің сөзінше, қазір мұнда 30-дан аса адам жұмыс істейді. Кешендегі өзге нысандар толық іске қосылса, жергілікті халықтан тағы көптеген тұрғын жұмысқа қабылданбақ.

– Қонақүй бөлмелерінің бағасы қолжетімді. 110

орындық асхана жолаушыларға сапалы қызмет көрсетуде. Тіпті бұл жақтан дайын тамақтарға тапсырыс беретіндер жеткілікті. Өзге қонақ күту шараларын осында өткізуге ықпалыстар да бар. Сондай-ақ біздің қызметкерлердің барлығы аудан орталығында тұрады. Ал оларды тасымалдауға жеке көлік қарастырылған. Серіктестік қаражатымен бұған дейін аудан орталығынан «Мың бір бала» жеке балабақшасын ашып, пайдалануға бердік. Қазір онда 100 бүлдіршін тәрбиеленуде. Жалпы барлық кәсіптік нысандар жеке қаражат есебінен бой көтерді, – дейді компанияның бас экономисі Нұрғүл Сыздықова.

«Caspian Services Asia» ЖШС басшылығы келешекте Жаңақорған кентінен үлкен ойын-сауық орталығын салу жоспарда барын жасырмады. Үлкен қалаларда кездесетін мұндай орталық ішінде кинотеатр, супермаркет, брендтік киім дүкендері, тамақтану орындары болатыны белгілі.

Айта кетейік, алдағы жылы Жаңақорғанда жалпы құны 12,2 млрд теңгені құрайтын 5 жоба жоспарланған. Олар – «Абдулла» шаруа қожалығының жылына 5,5 мың тонна құс етін өндіретін фабрикасы, «Нұр Әділ» денешынықтыру-сауықтыру кешені, «Qaratai Fruits» шаруа қожалығының жол бойынан сыйымдылығы 5450 тонна жеміс (алма) және көкөніс сақтау қоймасы. Сондай-ақ «Алаш метан» ЖШС «Батыс Еуропа – Батыс Қытай» көлік дәлізінен метан бекетін тұрғызса, «Комхоз Жаңақорған» серіктестігі қалдықтарды сұрыптау кешенін іске қоспақ.

Ержан ҚОЖАС,
«Сыр бойы»,
Жаңақорған ауданы



**ЖҰМЫСШЫ
МАМАНДЫҚТАР
ЖЫЛЫ**

КЕН ҚАЗҒАН, ЕҢБЕКПЕН ОЗҒАН

40 жыл. Аз емес. Осындай уақыт шахтада кен қазған оның мақтаншысы – Отанға адал қызмет еткені. Шахта астында әр күні қауіпті болса да нағыз жанкештілікпен руда қазатын әр бригаданың еңбегін айтып тауыса алмаспыз. Осындай 20-ға жуық шахтерге бас болып, кәсіпорын шаруасын дөңгеленткен еңбек адамы жайлы сөз етеміз. Ол – жаңақорғандық Асылхан Әшімов.



Аудан орталығынан 20 шақырым қашықтықтағы «Тау-Кен Самұрық» ұлттық тау-кен компаниясына қарасты «ШалқияЦинко» ЛТД» АҚ кәсіпорнына аялдадық. Біздің кейіпкеріміз осында еңбек етеді. Мамандығы – тау-кен инженері. 61 жасты толтырған Асылхан ағаның мұндағы лауазымы – тау-кен өндірісінің шебері.

– Осы ауданға қарасты «Қыраш» ауылының азаматымын. 1986 жылдан бастап осындағы шахтаға түстім. Алғашқы жұмыс орным «Южный ШахтаСтрой» деп аталатын. Жер астын бұрғыладық, яғни кен қаздық. Кейін біртіндеп шахта шебері, одан соң учаске бастығы сияқты қызметтерді атқардым. Арасында техникалық қауіпсіздік инженері болып та жұмыс істедік. Қазір қарамағымда 20 шахты шахтер бар. Өзімнің жетекшілігіммен 200 метрден төмен жер астына түсіп, кен өндіреміз, – дейді ол.

Асылхан Әшімовтің айтуынша, кен өндіру оңай емес. Шахтерлер өзіне бекітілген аумаққа алдымен әр жерден бұрғылау жұмысын жүргізеді. Ал сол бұрғыланған ойықтарды «оқтайды». Дұрысы, әр ойыққа жарылғыш зат қойылады. Жару жұмыстары біткен соң жер астындағы жарылғыштан кейінгі газды сейілету, желдету, су себу сияқты тазалық жұмысы жүреді. Шахтерлер кейбір төбедегі тас сынықтарын түсіріп, барынша қауіпсіздік жұмыстарын атқарады. Бірақ рудаға жету үшін осылай бірнеше қабатты аршуға тура келеді.

– Нағыз кен қабатына жеткенде дәл осындай жұмыс әдісі жүреді. Одан соң арнайы техникамен жарылған тастың барлығы тиеліп, жүк көлігімен сыртқа шығарылады. Жерасты шахтасында мұндай көліктерге арналған жол бар. Ал сыртқа шыққан тастың жарамсыз бөлігі жол салу құрылысында пайдаға асса, рудалық тастардан қорғасын, мырыш өндіріледі. Бұдан басқа, қосымша күміс, кремний, литий сынды элементтер де бар, – дейді Асылхан аға.

Бүгінде 485 адам қызмет ететін кәсіпорын өз жұмысшыларын әлеуметтік қолдауды аяған емес. Мұны осындағы шахтерлер да, өзге техникалық қызметті игерген азаматтар да растап отыр.

– Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың биылғы жылды «Жұмысшы мамандықтар жылы» деп жариялағаны барлық әріптестерімді қуантты. Қазір кәсіпорын тарапынан жұмысшы өкілдеріне қолдау көп. Мерекелік сыйақылар, жұмысшыларға тегін тасымал, асхана, маусымдық арнайы жұмыс киімі өз уақытында беріліп отыр. Бастысы – жалақы тұрақты. Қызметкерлердің 40, 50, 60 жасқа толу мерейтойына бөлек сыйақы тағайындалады. Ал өзіне бекітілген жоспарды уақытылы орындаған шахтерлер жалақыдан бөлек, қосымша қомақты сыйақыдан құр қалған емес, – делі ол.

Айтпақшы, біздің кейіпкеріміздің үш ұлы осы кәсіпорында. Бірі көлік жүргізсе, қалған екеуі әке жолымен кен қазып жүр. Сондай-ақ ол өзінің үздік шәкірттері барын да айтып қалды. Мысалы, олардың қатарында бүгінде кәсіпорынның бас инженері қызметіндегі Серік Адаев пен учаске бастығының орынбасары Іңкәрбек Пурманов бар.

Жалпы өндіріс пен ауыл шаруашылығын қатар дамытқан Жаңақорғанда алдағы жылдары ірі жобаларды іске асыру жоспарланған. Дәлірек айтсақ, 2028 жылы құны 477 млрд теңгені құрайтын 2 жоба бар. Соның бірі – өзіміз арнайы барған «ШалқияЦинко ЛТД» АҚ-ның «Шалқия полиметалдық кен орнын өнеркәсіптік байыту және кен-байыту фабрикасының құрылысы» жобасы. Қазір мұнда жерасты шахтасының құрылысы жүрде. Ал тау-кен байыту комбинатының құрылысын жүргізетін компанияны анықтау үшін мемлекеттік сатып алу жұмысы жыл аяғына дейін өтпек. Тіпті жобаны қаржыландыруға шетелдік ірі компаниялармен келіссөз жүргізіліп жатыр.

Екінші жобаны айтар болсақ, ол – аудан аумағындағы «Бұрабай-Жалғызғаш» қорғасын-мырыш кен орнынан байыту фабрикасының құрылысы. Мұндағы мақсат – 60 мың тонна қорғасын мен мырыш концентратын өндіру. Жоба іске асса, жергілікті жерден 350 адам жұмыспен қамтылатын болады.

Ержан ҚОЖАС,
«Сыр бойы»,
Жаңақорған ауданы

ШАРУА ҚҰТЫ – ШЫНАЙЫ НИЕТ



Жаңақорған ауданында кәсіпкер саны көбейіп келеді. Мемлекеттен қайтарымсыз грант, жеңілдетілген несие алып, ісін бастағандар табысқа кенелуде. Ауданда биыл шағын және орта кәсіпкерлік субъекті саны 6435-ке жеткен. Оның 398-і заңды тұлға, 1962-сі шаруа қожалығы, 4075-і жеке кәсіпкер. Белсенді жұмыс істеп тұрғаны 6230 болса, көрсеткіші 96,8 пайыз. Нәтижесінде 8409 адам жұмыспен қамтылып, 95961 млн теңгенің өнімі өндірілген. Өткен жылдың осы кезеңімен салыстырғанда кәсіпкерліктің сандық және сапалық даму деңгейі әлдеқайда жоғары.

Мұнда 596 сауда мен қызмет объектісі тіркелген. Олардың қатарында 11 сауда үйі, 380 азық-түлік және азық-түлік емес сауда дүкені, 146 тұрмыстық қызмет көрсету және 59 қоғамдық тамақтану орны бар. Бөлшек сауда айналымы 8213,8 млн теңге болса, өткен жылдың осы кезеңімен салыстырғанда индекс өсімі 100,1 пайыз.

Кәсіпкерлік саласын дамытуда жүйелі жұмыс жалғасуда. Мәселен, «Жаппай кәсіпкерлікті дамыту» аясында іске асырылатын жаңа жобаларды қолдау, жұмыс орнын ашу арқылы халықтың әл-ауқатын жақсарту, салықтық базаны көбейту, кәсіпкерлікті қолдау инфрақұрылымын дамыту жұмысы атқарылууда. Кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі 2021-2025 жылдарға арналған ұлттық жоба шеңберінде аудандық жұмыспен қамту орталығы арқылы 171 жоба грант жеңіп алды. Сондай-ақ пайыздық мөлшерлемені субсидиялау арқылы құны 575,3 млн теңге болатын 7 жоба қаржыландырылды.

«Аграрлық несие корпорациясы» АҚ облыстық филиалы арқылы 79, Қызылорда өңірлік инвестициялық орталығы арқылы 14 және «Ауыл аманаты» бағдарламасы аясында «Байқоңыр» ӘКК АҚ арқылы 36 жоба несие алды.

Ауданда жыл басынан бері барлық қаржы көзінен 136 жоба 2475,3 млн теңгенің несиеcін, 171 жоба 268,9 миллион теңгенің мемлекеттік грантын жеңіп алды.

Кәсіп бастап, ісін дамытуды қолға алған Сәбит Камалов мемлекеттік қолдаудың игілігін көруге ниетті. Ол жылдық шаруашылығымен айналысады. Төрт түліктің бабын тауып, өнімін жергілікті тұрғындарға өткізеді. Сонымен қоса бөдене бизнесін дамытуда. Іскер азамат шаруасы жайында кенінен әңгімелеп берген болатын.

– Біздің ауыл егін егіп, мал бағады. Негізгі астық – күріш. Бала күнімізден атақәсіпке ден қойып, еңбекке ерте араластық. Ірі шаруа қожалықтарында еңбек еттік. Өлі де бел жазбай келеміз. Одан жаман болған жоқпыз.

Ал жылқы бағудың өзіндік себебі бар. Осыдан үш жыл бұрын денсаулығым сыр беріп, емін медицинадан таппай, биенің сүтінен жазылдым. Содан жылқы санын көбейтіп, қымыз ашыта бастадым. Ондағы ойым дерті бар жандарға өзін секілді пайдасы тисе деген ниет ғой. Қымыздың адам денсаулығы үшін пайдасы көп екені белгілі. Бір жағынан табиғи сусын, емдік қасиетке ие әрі құрамы дәруменге бай, – дейді ол.

Қазір Сәбит күнделікті үш



Сара АДАЙБАЕВА,
«Сыр бойы»

